

Шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Шәкен ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 06 мамырдағы N 06 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 20 мамырда N 4450 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы Шәкен ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы N 12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы Шәкен ауылдық округі әкімінің 20.12.2013 N 12 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2013 жылғы 25 сәуірдегі N 8-16-139 ұсынысына сәйкес, ауылдық округтің әкімі **Ш Е Ш Т І :**

1. Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі, Шәкен ауылында ұсақ малдарының арасында бруцеллез ауруы анықталуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Б.Баймахановқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ш ә к е н а у ы л д ы қ
округінің әкімі Б. Амреев

К Е Л І С І Л Д І
"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау
комитетінің "Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік

ветеринарлық-санитарлық

инспекторы

М. Дүйсен

"29" сәуір 2013 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК